

КИНО ТІЛІ НЕГЕ ШҰБАР?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



АБАЙДАН ҚАЛҒАН ЖӘДІГЕРЛЕР

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қазір әлем түбегейлі жаңа тарихи кезеңге қадам басты. Бәріңіз де мұны көріп-біліп отырсыздар. Бір жағынан, қақтығыстар мен соғыстар азаймай тұр, басқа жағынан, жоғары технологиялар, жасанды интеллект тез дамуда. Осындай күрделі жағдайда еліміз дамудың даңғыл жолына түсті. Барша елмен достық қатынас орнатып, мемлекетімізді сенімді серіктес ретінде таныттық. Соның арқасында энергетика, көлік, логистика, ақпараттық технология, ауыл шаруашылығы және басқа да салаларға қомақты инвестиция тартып жатырмыз.

№138
(4882)
Сенбі
22 қараша
2025 жыл

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



БАЛА ТУУДАН АЛДАМЫЗ

Елімізде балалар халықтың үштен бірін, яғни 34 пайызын құрайды. Бұл көрсеткіш жылдан-жылға тұрақты түрде өсіп келеді.

Мұндай демографиялық серпін мемлекет саясатының балаларды қорғауға бағытталған тұрақты сипатын айқын көрсетеді. Мұндай ақпаратты Оқу-ағарту министрлігі жариялады.

«БҰҰ және өзге де халықаралық ұйымдар Қазақстанның балалардың құқығы мен әл-ауқатын қамтамасыз ету ісінде қол жеткізген тұрақты нәтижелерін атап өтті. Осы оң үрдістің аясында Қазақстан туу туралы актілерді тіркеу көрсеткіші ең жоғары елдердің қатарынан орын алды. Бұл көрсеткіш қазіргі таңда 100%-ға жуықтап, бала құқығын қорғау жөніндегі халықаралық стандарттарға толық сай келеді» делінген хабарламада.



Оңалхан ӨНЕРХАН

ҚАМСЫЗДЫҚ ҚАПЫ ҚАЛДЫРАДЫ

Жылыту маусымы жыл сайын өрт қаупін арттырады. Осы уақытта тұрғындар пештер мен әртүрлі жылыту құрылғысын белсенді пайдаланады. Өрт пайдалану ережелерін бұзудан болады. Пештердегі жарық, тазаланбаған мұржа және шамадан тыс жүктелген электр жүйесі – өрттің негізгі себебі. Құтқарушылар тұрғындарды жылыту жабдықтарын уақытылы дайындауға және тозған электр құрылғыларын пайдаланбауға шақырады.



Жуырда Астана қаласының бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Айгүл Шағалтаева тиісті қаулыға қол қойды. Онда жазылғандай, соңғы аптада бас қалада ЖРВИ жұқтырудың 23 мың жағдайы тіркелген.

Бұл өткен аптамен салыстырғанда 1,5 есеге көп. 14 жасқа дейінгі балалар арасында сырқаттану 60 пайызға тең (14018 жағдай). Ауру жұқтырғандардың жалпы санының 25 пайызын мектеп оқушылары құрайды, әсіресе 1-4-сыныптарда бұл көрсеткіш жоғары (30%). Осыған орай, медицина мекемелерінің жұмыс уақытын сағат 08:00-ден 20:00-ге дейін ұзарды. Құзырлы мекемелердің ішкі актілеріне сәйкес, демалыс және мереке күндері 08:00-ден 18:00-ге дейін жұмыс уақыты болып белгіленді. Сондай-ақ медицина қызметкерлері мен емделушілер денсаулық сақтау нысандарында бетперде кию тәртібін сақтауы тиіс.

ЖАҢА БАҒДАР

Астанада жаңа автобус бағдары іске қосылды. 22 қарашадан бастап №82 бағдар «Орда базары» – «Зерде мектебі» аралығында жүре бастады.

Бұл бағытпен жүретін автобус «Алаш» тасжолындағы негізгі нысандарды қамтып, одан әрі Ш.Уәлиханов көшесімен, Абылай хан даңғылымен, М.Жұмабаев көшесімен, Тәуелсіздік даңғылымен, әл-Фараби даңғылымен және тұтастай Бұқар жырау көшесінің бойымен жүреді. Жаңа бағдар қозғалысының сызбасын суреттен және Avtobys қосымшасынан көруге болады.

МЕСРОП МАШТОЦ КӨШЕСІ АШЫЛДЫ

Елордада философ, ғалым, армян әліпбиінің негізін қалаушы Месроп Маштоц атындағы көшенің салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Армения Премьер-министрі Никол Пашинянның ресми сапары аясында өткен іс-шараға Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин, Армения Республикасының Вице-премьері Мгер Григорян, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Армения Республикасының Білім, ғылым, мәдениет және спорт министрі Жанна Андреасян, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек және армян диаспорасының өкілдері мен қоғам қайраткерлері қатысты.



№138 (4882) 22/11/2025 Сенбі



АСТАНА-ЕРЕВАН: ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Армения Премьер-министрі Никол Пашинян 20-21 қараша күндері Астанаға ресми сапармен келді. Сапар бағдарламасы аясында екі ел делегацияларының қатысуымен келіссөздер өтіп, Қазақстан мен Армения арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту перспективасы талқыланды.

ТАРИХИ ҚҰЖАТҚА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Армения Премьер-министрі Никол Пашинянға ілтипат білдірді. Келіссөздер Ақордада салтанатты қарсы алу рәсімінен басталды. Тараптар бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылы ротасының бастығы рапорт берді. Бұдан кейін екі елдің әнұрандары шырқалды.

«Аса құрметті Никол Вовaевич, Қазақстанға қош келдіңіз! Сіздің сапарыңыз өте маңызды. Екі елдің стратегиялық серіктестік деңгейіндегі қарым-қатынасының дамуына үлкен серпін береді деп сенеміз. Бұл – Қазақстанға алғашқы сапарыңыз. Шын мәнінде, қазақ халқы Армения жұртына, тарихына, салт-дәстүріне, мәдениетіне зор құрметпен қарайды. Сапар барысында бірқатар маңызды келісімге қол қойылады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Никол Пашинян Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстанға ресми сапармен шақырып, Астанада қонақжайлық танытқаны үшін алғыс айтты.

«Бұл сапар біздің екіжақты қарым-қатынасымызға тың серпін береді. Қос мемлекет арасындағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңі Сіздің былтыр Арменияға жасаған ресми сапарыңыздан бастау алды. Соның нәтижесінде маңызды келісімдерге қол қойылды. Оның кейбірі жүзеге асырылды, қалған бөлігі орындалу үстінде. Қазақстанға ресми сапармен келу – мен үшін зор мәртебе» деді Премьер-министр.

Содан кейін Қазақстан Президенті мен Армения Премьер-министрі екі елдің делегация мүшелерінің қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ пен армян достығы берік, сыйластығы жарасқан халықтар екенін атап өтті.

«Армения – Қазақстанның Оңтүстік Кавказдағы басты саяси және сауда-экономикалық серіктесінің бірі. Қазақ жұрты армян халқын ерекше қадірлейді. Оның терең тарихына, бай мәдениеті мен салт-дәстүріне құрметпен қарайды. Қазір Армения Қазақстан азаматтары көп баратын туристік елдің біріне айналды. Биыл қос халықты жақындастыра түскен айтулы оқиғалар болды: Арменияда алғаш рет Қазақстанның мәдениет күндері өтті. Ереванда ұлы ақын және ағартушы Абай Құнанбайұлының құрметіне саябақ ашылды. Осы маңызды бастамаларға қолдау көрсеткеніңіз үшін Сізге, құрметті Никол Вовaевич, зор алғыс білдіремін. Мұны қазақ еліне деген ерекше ілтипатыңыз деп бағалаймыз» деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, Астана мен Ереван арасында барлық деңгейде ашық әрі сенімді саяси диалог қалыптасқан. Халықаралық және өңірлік ұйымдар аясында тығыз, нәтижелі ынтымақтастық жолға қойылған. Қасым-Жомарт Тоқаев екі елдің сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық және ғылым-білім саласындағы ықпалдастығы дәйекті түрде дамып келе жатқанына тоқталды. Сондай-ақ мемлекетаралық байланыстар конструктивті сипат алғанын әрі оны жақ-жақты кеңейтуге айтарлықтай әлеует бар екенін жеткізді. Мемлекет басшысы бүгін Қазақстан мен Армения арасындағы ынтымақтастықты стратегиялық серіктестік деңгейіне шығаратын тарихи құжатқа қол қойылатынын мәлімдеді.

Армения Премьер-министрі бұл сапар екіжақты қарым-қатынасты тереңдетуге және ынтымақтастықты стратегиялық серіктестік деңгейіне көтеруге оңтайлы сәт екенін атап өтті.

«Қазақстан біздің еліміз үшін өте жақсы үлгі деп санаймыз. Біз қазақ халқын құрметтейміз. Осы құрмет екіжақты ынтымақтастығымызды одан әрі дамытуға негіз болады. Бүгін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевпен өзара ықпалдастығымыздың басты бағыттарын ілгерілету жағдайын жан-жақты талқыладық. Өңірдегі өзгерістерді ескерсек, экономикалық және көлік саласындағы қатынастарымыздың жаңа мүмкіндіктеріне жол ашылады. Көлік бағытындағы әлеуетті толық жүзеге асыру маңызды. Оның нәтижелі болатынына сенімдімін» деді Никол Пашинян.

Кездесу барысында сауда-экономика, көлік-транзит, инвестициялық ықпалдастық, тау-кен, ауыл шаруашылығы, цифрландыру және жасанды интеллектіні енгізу, денсаулық сақтау, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев пен Никол Пашинян өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Никол Пашинян келіссөз қорытындысы бойынша Бірлескен мәлімдеме қабылдады.

«АЛТЫН ҚЫРАН» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты іс-шарада қазақстандықтар Никол Пашинянды Арменияның дамуына жаңа леп әкелген, мемлекеттік құрылымның барлық салада қайта жаңғыруына тың серпін берген жалпыұлттық көшбасшы деп білетінін жеткізді.

«Сіздің көреген басшылығыңыздың арқасында Армения орнықты даму жолына түсіп, халықаралық аренадағы позициясын нығайтты. Сондай-ақ ішкі және сыртқы саясатта парасатты, жауапты ұстанымымен үлгі көрсетіп отыр. Сіз өте күрделі геосаяси ахуалда қалыптан тыс әрі батыл шешім қабылдадыңыз. Түптің түбінде бұл армян халқына пайдасын тигізетін өте құнды шешім болды. Достас, бауырлас Армения бейбітшілік, орнықты даму жолын таңдағаны анық. Бұл істе Сіздің тарихи еңбегіңіз зор. Вашингтонда қабылданған Армения мен Әзербайжан арасындағы бейбіт келісімді ілгерілетуде елеулі рөл атқарғаныңызды атап өткім келеді» деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінде қазақ-армян мемлекетаралық байланысы стратегиялық серіктестіктің жаңа деңгейіне көтерілгенін мәлімдеді.

«Бұл іске Сіздің елдеріміз арасындағы сан қырлы ынтымақтастықты дамытуға белсенді атсалысуыңыз айтарлықтай ықпал етті. Қазақ-армян қарым-қатынасын дамытудағы үлкен үлесіңіз бен айрықша еңбегіңізді ескере отырып, бүгін Сізді Қазақстан Республикасының ең жоғары мемлекеттік наградасы – «Алтын Қыран» орденімен марапаттау туралы шешім қабылдадым. Бұл – мызғымас бауырластығымыздың, өзара берік сенімнің және халықтарымыздың келешегі жолындағы ортақ ұмтылыстарымыздың жарқын символы» деді Президент.

Никол Пашинян Қазақстанның ең жоғары наградасымен марапаттағаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа және барша қазақ халқына алғыс айтып, мұны отандастарына көрсетілген ерекше құрметтің белгісі ретінде қабылдайтынын жеткізді.





«Мен үшін бауырлас Қазақстан Республикасының ең жоғары наградасына ие болу және оны Сіздің қолыңыздан алу – зор мәртебе. Сізді өте тәжірибелі саясаткер, мемлекет қайраткері, дипломат ретінде білеміз. Сондықтан Сіздің берген бағаңыз мен үшін құнды. Бұл марапат екіжақты қарым-қатынасымызды ғана емес, тұтас өңірдің дамуына септігін тигізеді деп сенемін» деді Армения Премьер-министрі.

ЕКІ ЕЛДІҢ ДОСТЫҒЫН БЕКЕМДЕГЕН БАСҚОСУ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Никол Пашинян БАҚ өкілдеріне арналған брифинг өткізді. Президент Арменияны еліміздің маңызды әрі сенімді серіктесі ретінде атады. Екіжақты қарым-қатынас берік достыққа және өзара құрметке негізделген.

«Қазақстанның Армения мемлекетіне және оның халқына деген ықыласы айрықша. Біз армян жұртының терең тарихына, бай мәдениеті мен салт-дәстүріне зор құрметпен, ілтипатпен қараймыз. Осы құндылықтардың негізінде барлық бағыттағы ықпалдастығымыз ұдайы дамып келе жатыр. Біз өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделіміз. Менің былтыр Арменияға жасаған ресми сапарымның қорытындысы және бүгінгі келіссөздердің нәтижесі – соның айқын дәлелі. Қазақ-армян қарым-қатынасы стратегиялық сипатқа ие болады. Соған сәйкес Бірлескен мәлімдемеге қол қойдық. Бұл шешім екі елдің достығын бекемдеп, сан салалы жаңа ынтымақтастық кезеңіне жол ашары анық» деді Мемлекет басшысы.

ЫҚПАЛДАСТЫҚ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Президент цифрландыру және жасанды интеллект саласындағы ықпалдастықтың әлеуеті зор екенін атап өтті.

«Қазақстанда цифрландыру үдерісі қарқынды жүріп жатыр. Армения IT-технологиялар мен стартап экожүйесінде айтарлықтай табысқа қол жеткізді. Бұл – екі елдің экономикасын дамытуға тың серпін беретін маңызды сала. Осы орайда, жасанды интеллект, жаңа технология және цифрландыру бойынша тәжірибе алмасуға келістік, бұл бағытта бірлескен жобаларды іске асыру мәселесіне тоқталдық. Премьер-министр Пашинян мырза аймақтағы ең ірі IT стартап паркі – «Astana Hub»-тың және «Alem.ai» жасанды интеллект орталығының жұмысымен танысады. Келесі жылы «Alem.ai» негізінде Арменияның «TUMO Astana» халықаралық білім беру орталығы ашылады» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев мәдени-гуманитарлық байланыстар туралы да айтты.

«Біз білім және ғылым саласындағы қарым-қатынасты дамыту жолдарын талқыладық. Студент алмасу үшін үкіметаралық келісімге қол қоюдың маңыздылығын атап өттік. Екі елдің денсаулық сақтау саласындағы әлеуетін ескере отырып, алдағы жылдары Қазақстанның Арменидағы, Арменияның Қазақстандағы медицина күндерін өткізуге келістік. Сондай-ақ мәдени-гуманитарлық саладағы өзара байланыстар туралы пікір алмастық. Былтыр Астанада Армения мәдениетінің күндері өткенін білесіздер. Ал биыл Ереванда алғаш рет Қазақстанның мәдениет күндері ұйымдастырылды. Армения астанасында Абай Құнанбайұлы атындағы саябақ ашылды. Бүгін елорда көшелерінің біріне ұлы армян ағартушысы Месроп Маштоцтың есімі берілді. Осындай бастамалар халықтарымыздың рухани жақындығын көрсетеді. Бұл – елдеріміздің ұлт перзенттеріне деген шынайы құрметінің көрінісі» деді Президент.

Қазақстан Президенті Армения және Әзербайжан арасындағы ұзақ жылға созылған түйткілді реттеу ісіндегі Никол Пашинянның тарихи миссиясын атап өтіп, оның Оңтүстік Кавказда тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолындағы батыл қадамына, көреген саясаты мен күш-жігеріне жоғары баға берді.

Никол Пашинян армян тарапы ынтымақтастықтың барлық бағытын кеңейтуге дайын екенін растады.

«Қазақстан – біз үшін өте маңызды ел. Өйткені сын сәтінде Армения мен Әзербайжанның сыртқы істер министрлері Алматыда кездесті. Бұл біз үшін өте маңызды болатын. Армения мен Әзербайжандағы бейбітшіліктің Алматы декларациясына негізделетіні баршаға мәлім. Оның саяси және символдық мәні зор. Осы ресми сапарымның нәтижесінде Армения мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынас стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілгеніне қуаныштымын. Бұл өңірдегі ықпалдастықтың жаңа дәрежеге жеткенін көрсетеді» деді Армения Премьер-министрі.



ПАРЛАМЕНТТІК РЕФОРМАНЫҢ МАҢЫЗЫНА ТОҚТАЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік кеңесші – Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының жетекшісі Ерлан Қаринді қабылдады. Президентке Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобы қызметінің аралық нәтижелері туралы баяндалды.

Ерлан Қариннің айтуынша, e-Otinish мемлекеттік платформасы мен Egov сервисінде «Парламенттік реформа» арнайы бөлімі іске қосылғалы бері бір айдың ішінде азаматтар мен қоғам белсенділері тарапынан осы мәселеге қатысты 300-ге жуық ұсыныс келіп түсті.

Бұдан бөлек, 6 саяси партия, атап айтқанда, «Amanat», «Ауыл», «Ақ жол», «Respublica», Қазақстан халық партиясы және Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы өз ұсыныстарын жолдады. Онда бір палаталы парламенттің қызметі мен парламенттік партиялардың өкілеттігіне қатысты тетіктер қамтылған.

Сонымен қатар Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының мүшелері сарапшылық материалдар әзірледі. Қазір барлық ұсынысты талдау және жүйелеу ісі қолға алынды. Жұмыс тобының екінші отырысын биыл 2 желтоқсанда өткізу жоспарланған. Жиында ұсыныстар жекелеген бағыттар бойынша жан-жақты қарастырылады.

Мемлекет басшысы елдегі саяси жаңғырудың жаңа кезеңі болатын алдағы парламенттік реформаның мән-маңызына тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев келіп түскен барлық бастаманы жан-жақты қарап, олардың негізінде парламенттік жүйені жаңғырту бойынша нақты ұсынымдар әзірлеуді тапсырды.

АСТАНАНЫҢ КРЕАТИВТІК ИНДУСТРИЯСЫ ҚАЛАЙ ДАМУДА?

Қалалық Қоғамдық кеңес пен «Белсенді азамат» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен және Ішкі саясат басқармасының қолдауымен «Астананың креативтік индустриясы және экономикасы: кадрлар, экожүйе және даму қадамдары» тақырыбында диалог алаңы өтті. Іс-шараның мақсаты – креативтік индустрияны жаңа экономиканың қозғаушы күші ретінде дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік органдарды, креативті кәсіпкерлерді, білім беру ұйымдарын, сарапшыларды және даму институттарын бір алаңға жинау.



Райхан РАХМЕТОВА

Бүгінде елордада креативтік экономика қарқынды дамып келеді. Жаңа хабтардың, шығармашылық кластерлердің және тәуелсіз алаңдардың қалыптасуы адами капиталдың өсуіне және қаланың заманауи келбетінің нығаюына ықпал етуде. Қоғамдық кеңес өткізген пікірталастар барысында кадр дайындау, жас мамандарды қолдау, инфрақұрылымды дамыту және мемлекет пен қоғам арасындағы әріптестікті кеңейту мәселелері бірнеше рет көтерілген болатын.

Бұл жолғы диалог алаңы саланың қазіргі жағдайын талқылауға, өзекті мәселелерді анықтауға, өсу нүктелерін белгілеуге және Астана үшін пайдалы халықаралық тәжірибелерді қарастыруға мүмкіндік берді. Оған мемлекеттік органдардың, даму институттарының, креативтік хабтардың, білім беру ұйымдарының, салалық қауымдастықтардың, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, сондай-ақ адами капитал, мәдениет, инновациялар және қалалық даму бағыттарында жұмыс істейтін қалалық Қоғамдық кеңесінің мүшелері қатысты. Жиында олар креативтік индустриялардың қалалық экожүйесі, кадрлық әлеует, білім беру және кәсіби дайындық, инфрақұрылым, хабтар және кластерлер, мемлекеттік және жеке қолдау шаралары, халықаралық тәжірибе және оны бейімдеу мүмкіндіктері, мемлекет пен қоғам арасындағы әріптестік мәселелерін талқылады.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе Астананың креативтік-экономикалық даму жағдайы, оған әсер ететін негізгі өзгерістер, үрдістер және соңғы нәтижелерін талқылау туралы болды. Бұл тақырыпта Мәдениет және ақпарат министрлігі креативтік индустрия департаментінің директоры Әйгерім Жонкина сөз сөйледі. Мемлекет басшысы 2021 жылдан бастап Жолдауларында осы сектордың ел экономикасындағы үлесін арттыруды бірнеше рет атап өткен. 2024 жылы Қазақстанның креативтік индустриясын дамытуға арналған тұрақты экожүйені құру бойынша қарқынды жұмыстар басталды. Ал осы жылы 10 қаңтарда саланы дамыту бойынша нормаларды қарастыратын заңға қол қойылды.

– Бүгінде еліміздің креативтік индустриясы 12 бағытта көрініс табуда. Осы саладағы тіркелген субъектілер саны 46 мыңнан асады. Олардың жартысынан астамы Астана мен Алматыда орналасқан, оның 70 пайызы – жеке кәсіпкер. Жалпы алғанда, Қазақстанның креативтік секторында 146 мың адам жұмыс істейді. Әсіресе IT, сәулет, сән, мәдени демалыс орындары, кітапханалар, музейлер қатты дамуда, – деді департамент директоры.

Екінші мәселе – креативтік индустриялар үшін қалалық экожүйе тақырыбы бойынша қатысушылар хабтар мен шығармашылық кеңістіктердің, білім беру бастамаларының, қалалық бағдарламалардың және бизнес-қоғамдастықтардың креативтік жобалары мен мамандарды дамытудағы рөлі талқыланды. Сонымен қатар кадрлар даярлығы және саланы дамытуға арналған қадамдар туралы сөз болды.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2025 жылғы 28 қараша сағат 11:00-де Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі сұрақтар енгізіледі:

1. «Астана қаласының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті туралы» Астана қаласы мәслихатының 2024 жылғы 11 желтоқсандағы №243/32-VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

2. Астана қаласында 2030 жылға дейін тұрғынжайды реновациялау бағдарламасын бекіту туралы.

3. Мәслихаттың кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы.

4. Астана қаласында тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы.

5. Астананың санитариялық-қорғау жасыл аймағын басқару және оның аумағындағы қызметтің шектеулі режимі қағидасын бекіту туралы.

6. Астана қаласының аумағында оңайлатылған декларация негізіндегі арнайы салық режимінің мөлшерлемесін белгілеу туралы.

Анықтама үшін телефондар: 55-66-36.

Т.ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

ҚАМСЫЗДЫҚ ҚАПЫ ҚАЛДЫРАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Апаттардың алдын алу үшін Төтенше жағдайлар министрлігі кең көлемді профилактикалық науқан жүргізуде. Рейдтер мен үйлерді аралау кезінде мамандар полиция қызметкерлерімен, еріктілермен және жергілікті әкімшілік қызметкерлерімен бірлесіп, тұрғындарға өрт қауіпсіздігі ережелерін еске салу үшін жеке үйлерге барады. Тұрғындардың өтініші бойынша пештер мен мұржалар тексеріледі, ал қандай да бір проблемалар анықталған жағдайда, түзету шаралары бойынша ұсыныстар айтылды. Көпбалалы отбасыларға, зейнеткерлерге, мүгедектерге және басқа да әлеуметтік қорғалатын топтарға ерекше назар аударылады.

«Біз оларға жылыту құрылғылары мен электр сымдарын жақсы жұмыс күйінде ұстау қажеттілігін еске саламыз» деп түсіндірді Төтенше жағдайлар министрлігі Өрт сөндіру қызметі комитеті төрағасының орынбасары Руслан Қайрақбаев.



«ҮЗДІК ТАЗАЛАУШЫ» БАЙҚАУЫ ӨТТІ

«Жұмысшы мамандықтары жылына» орай және «Үздік» жобасының аясында Астана қаласы әкімдігінің Сервис және туризм колледжінде «Үздік тазалаушы-2025» байқауы өтті. «Қонақ үй шаруашылығы» мамандығы бойынша білім алып жатқан 10 студент алған білімін осы байқаудағы тәжірибелік сынақта байқап көрді. Мақсат – жастарды әлеуметтік тұрғыда қолдау, кәсіби шеберлігін арттыру және жұмысшы мамандықтарының беделін көтеру.



Астана қаласы әкімдігінің «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы және қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен өткен байқауда қатысушылардың қабілетіне осы және басқа да колледждердің қызметкерлері баға берді. Аталған колледждің арнайы пәндер оқытушысы Арайлым Қасенбаеваның айтуынша, байқауға қатысушы студенттерге қонақ үйлерді тазалау ережелері бойынша бөлмелерді дұрыс әрі таза етіп жинағанына қарай баға беріледі.

– Қонақ үй бөлмелерін тазалау тәртібін дұрыс меңгерген студенттер байқауда жақсы нәтиже көрсетуі керек. Олардың алдымен жұмыс орнындағы жағдайды жасауы, керекті жабдықтары мен жуатын құралдарының түгел болуы, түрлі тазалағыш қоспаларды өз нормасымен шақтап қосуы, одан әрі тазалау техникасы, тазалаудың кәсіби әдістерін қолданғанда санитарлық талаптарды сақтауы да қаралады. Сондай-ақ жұмыс жылдамдығы, артық іс-қимылының болмауы, бөлмені тазалау сапасына да мән береміз. Одан соң бөлменің безендірілуі, яғни төсек жаймалардың дұрыс қойылуы, қапталуы, әр заттың өз орнында тұруы да тексеріледі. Соңынан ұсақ-түйек заттардың қалай жатқаны, мұқияттылығы да назарға алынады, яғни айнаның орналасуы, бұрыш-бұрыштарда не жатқанын да қараймыз, – дейді А.Қасенбаева.

Колледжде бұдан басқа да бірқатар байқау өтіп жатқандықтан, бәрінің нәтижелері желтоқсан айында шығып, оқу орнының әлеуметтік парақшаларында жарияланады.



№138 (4882) 22/11/2025 Сенбі

ҚАЛА ТАЗАЛЫҒЫ – ҚАДАҒАЛАУДА

Елордаға қар жауғалы қала тазалығын қамтамасыз ету үшін күні-түні күш жұмылдырылып жатқанын көріп жүрміз. Біршама техника мен жүздеген жұмысшы ауа райының қолайсыздығына қарамастан қар күреп, мұз ойып жүр. Бұл жайлы «Астана Тазалық» ЖШС өндіріс-техника бөлімінің жетекшісі Ержан АЙТМАХАНҰЛЫМЕН әңгімелескен едік.

Таза Қазақстан
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ



– Осы мезгілде тазалық қызметкерлері қаланың жер-жерін тазалап, техникалар үздіксіз жұмыс істеп жатыр. Бұл ретте «Астана Тазалыққа» артылған жүктеме қандай?

– Қазір «Астана Тазалық» мекемесінде күн сайын елорданың тыныштығы мен тәртібі үшін тер төгіп жүрген шамамен 1500 қызметкер бар. Соның ішінде 700-ге жуық адам – қала қозғалысын тоқтатпай, әрбір ауланы, әрбір көшені дер кезінде тазартатын кәсіби жүргізушілер. Яғни көлік жүргізушілері. Ал 300-ден астамы – ауа райының қолайсыздығына қарамай, таңғы алғашқы қар ұшқынынан бастап соңғы қоқымға дейін тазалайтын жол жұмысшылары.

Біз елорданың жалпы аумағының 40 пайызына жуық бөлігін қамтып, 207 көшені және 370 шақырымға созылған автомобиль жолдарын үздіксіз тазартып отырамыз. Бұған қоса, 12 миллион 400 мың шаршы метрді құрайтын ауқымды аумақтың тазалығы – біздің күнделікті міндетіміз.

1 қарашадан бастап мекемедегі барлық жұмысшыға бір мезгіл ыстық тамақ берілуі жолға қойылды. Бұл – ауыр еңбек етіп жүрген қызметкерлерге көрсетілген қамқорлықтың бір белгісі. Әсіресе қала ішінде тұрмайтын, алыстан қатынап жұмыс істейтін жол жұмысшылары үшін мекеме арнайы тасымалдауды ұйымдастырып отыр. Барлық қызметкерге қажетті арнайы киім, құрал-жабдық толықтай уақытында беріліп, олардың қауіпсіздігі мен жұмыс жағдайы барынша қамтамасыз етіледі.

Биыл 1 қазан – «Астана Тазалық» күніне орай әр қызметкерге 300 мың теңге көлемінде сыйақы табысталды. Бұл да еңбектің еленуі, маңдай тердің қадірі бар екенін көрсеткен жақсы үрдіс. Ал 3 қарашадан бастап Астанада қар мен жаңбыр аралас жауынның түсуі мекеме жұмысына айтарлықтай салмақ салды. Соған қарамастан мекеме қарамағындағы шамамен 400 арнайы техниканың басым бөлігі күні-түні жұмыс істейтін режимге көшті. Бір ауысымда орта есеппен 300-ге жуық техника жол қауіпсіздігі мен тазалығын қамтамасыз ету үшін жұмысқа шығады.

Қосымша күш ретінде мердігер компаниялардан тағы да арнайы техникалар тартылып, шамамен 250 қызметкер қолдау көрсетті. Бұл – елорданың күзгі-қысқы кезеңдегі күрделі ауа райына қарамай, қала тіршілігінің тұрақты жүруі үшін жасалған ортақ жауапкершілік.

– Техника және жаңарту жұмысы қалай жүргізілуде? Жұмыс процесін оңтайландырған тәсіл бар ма?

– «Астана Тазалық» ЖШС бүгінде қала тазалығын қамтамасыз ететін шамамен 400-ге жуық техниканы басқарады. Елорданың ауа райы күрт құбылатын кезеңдерінде де үздіксіз жұмыс істеуге мүмкіндік беретін негізгі күш. Биыл мекемеміз 24 жаңа техникамен толықты, ал келер жылы тағы 20-дан астам заманауи техника алынады деп күтілуде.

Қолданыстағы техникалардың ішінде Mercedes маркалы қар тазалайтын машиналар ерекше орын алады. Олар – қыстыгүні көшені қардан тазалап, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі құрал. Айтулысы, осы маркалы машиналардың 2004-2005 жылдары алынған 10 бірлігі әлі күнге дейін саптан шықпай, жұмысын тоқтатпастан қызмет етіп келеді. Сонымен қатар тротуарлар мен жаяу жүргінші аймақтарын тазалауда «Пони» деп аталатын шағын маневрлі техникалар да толықтай жұмылдырылған. Қала көшелерінің тар әрі күрделі учаскелерінде дәл осы шағын техникалардың рөлі ерекше.

1 қарашадан бастап мекеме қызметін жаңа деңгейге көтеретін маңызды қадам жасалды – «Электронды жол» жүйесіне толықтай ауыстық. Бұл жүйе әр қызметкердің жұмыс уақытын автоматты түрде есептеп, еңбек тәртібін нақты бақылауға мүмкіндік береді. Ең маңыздысы, медицина бөлімімен интегралданған жүйе жұмысшының денсаулығын да бақылайды: егер адам өзін жайсыз сезінсе немесе медицина тексерісінен өтпесе, жүйе оны жұмысқа шығармайды. Жұмысшы жұмысына небәрі 5 минут ішінде QR-код немесе Face ID арқылы тіркеле алады. Бұл – уақытты үнемдеп қана қоймай, адами фактордан туындайтын қателіктерді жоятын тиімді шешім. Сондай-ақ «Тазалайық» атты цифрлық бағдарлама техниканың база аумағынан шыққан сәттен бастап оның қозғалысын онлайн бақылауға мүмкіндік береді. Қай жерде қандай жұмыс атқарылды, қандай техника қай бағытта жүр – бәрі цифрлық картамен белгіленеді. Мұның бәрі мекеме жұмысын толық ашық, жүйелі және бақылауға ыңғайлы етті.

– «Астана Тазалық» халықаралық тәжірибедегі құралдарды қолдана ма?

– Қызметкерлеріміздің басым бөлігі – 40 жастан асқандар. Олар жылдар бойы жинаған тәжірибесімен «Астана Тазалықтың» берік тірегіне айналды. Дегенмен мекеме тек тәжірибеге сүйеніп қана қоймай, жас мамандарды тартуды да белсенді қолға алып келеді. Соның нәтижесінде соңғы жылдары жаңа буын қызметкерлердің қарасы көбейіп, ұйым ішіндегі кәсіби сабақтастық күшейіп отыр.

Өткен жылы мекеменің барлық командасына жан-жақты оқу сабақтары өтіп, жұмысшылардың кәсіби деңгейін арттыруға үлкен көңіл бөлінді. Бұл қатардан басшылық та шет қалған жоқ. Тіпті мен де үнемі білімімді жетілдіріп, әлемдік тәжірибелерді зерттеп, жұмысымды жаңа қырынан жетілдіру үстіндемін.

Биыл елімізде «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланғаны белгілі. Осыған орай, оқу маусымы басталғалы бері аптасына кем дегенде бір рет «Астана Тазалық» мекемесіне мектеп оқушылары мен колледж студенттері келіп, біздің техникалық базамен, жұмыс бағыттарымен танысып қайтады. Оларға қала тазалығын ұстап тұрудың қандай жүйемен жүзеге асатынын, күнделікті еңбектің көзге көрінбейтін қырларын көрсетеміз. Өздері үшін бұл кішігірім экскурсия болса, біз үшін кәсіби бағдар берудің, болашақ мамандарды ынталандырудың бір жолы.

2024 жылы әкімдік мамандарымен бірлесіп біздің қызметкерлер Еуропа елдеріне барып, саладағы озық техника мен инновация тәсілдерімен танысып келді. Ол сапар тек теориялық білім емес, нақты нәтижелерге де жол ашты. Көрген, зерделеген техникалардың бірнеше түрі кейіннен сатып алынды. Сол жылы біздің жүргізушілер Еуропа чемпионатына қатысып, өз қабілетін халықаралық деңгейде сынап, тәжірибе алмасты.

Жуырда ғана «Астана Тазалық» жұмысшылары қала әкімдігінің қызметкерлерімен бірге Қытайға барып, қаладағы шаруашылық саласында қолданылатын жаңа технологиялармен танысып қайтты. Мұндай іссапарлар жыл сайын тұрақты түрде өтіп келеді және әлемнің озық тәжірибесін елге алып келуге нақты мүмкіндік береді.

Барлық бастама мен жоспар қала әкімдігі қолдауының арқасында жүзеге асып отыр. Біздің басты мақсат – Астананы таза, қауіпсіз, жайлы қала ретінде дамыту, тұрғындар үшін қолайлы орта қалыптастыру. Қызметкерлерге жағдай жасау, техниканы жаңарту, цифрлық жүйелерді енгізу – осы жолдағы күнделікті атқаратын жұмысымыздың ажырамас бөлігі.




Бетті дайындаған **Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ**



«Астана Тазалық» «KazTraffic-2025» көрмесінде жаңа мүмкіндіктерін таныстырды. Іс-шараға Қазақстанмен қатар Қытай, Түркия, Италия, Франция, Канада, Өзбекстан және басқа да елдерден 300-ден астам компания қатысты. Ауқымды жиында елорданың санитарлық жүйесін қалыптастыратын негізгі кәсіпорын – «Астана Тазалық» ЖШС шаһар тазалығын қамтамасыз ету бағытында жүргізіліп жатқан цифрлық өзгерістерді кең көлемде ұсынды.

ЦИФРЛАНДЫРУ ТАЗАЛЫҚ ЖҮЙЕСІН ӨЗГЕРТТІ

«Астана Тазалық» таныстырған негізгі жаңалық – қаланың санитарлық қызметін толық цифрландыруға бағытталған мониторинг экожүйесі. Жүйе GPS бақылауын, жанармай шығыны жөніндегі онлайн-есепті, электронды жол парақтарын, техниканың маршрутын талдауды және техникалық жағдайын тексеруді бір арнаға біріктіреді.




Жүйеде картографиялық талдау модулі де бар. Ол белгілі бір аумақтың тазалау жиілігін, жүктемесін және жұмыс қарқынын көрсетеді. Мәселен, қыста қар түсетін кезеңде қай аумақта техника жиі тоқтайтыны, қай жерде жұмыс баяулайтыны автоматты түрде көрінеді. Осылайша маршрутты өзгерту немесе жүктемені бөлу оңай болмақ.

Кәсіпорын қызметкерлерінің денсаулығы мен жұмысқа жарамдылығы – санитарлық жүйенің тұрақты жұмысындағы маңызды фактор. Осы бағытта «Астана Тазалық» қызметкерлердің күнделікті медицина тексерісін автоматты түрде тіркейтін «Med365» және «Адал чек» жүйелерін таныстырды. Бұл жүйелер жұмысқа шыққан әр қызметкердің көрсеткішін дер кезінде бақылап, қауіп-қатердің алдын алуға мүмкіндік береді. Құжат айналымы да толық автоматтандырылып келеді. Ішкі бұйрықтар, жұмыс тапсырмалары, маршрут парақтары, техникалық тексеріс актілері мен есеп құжаттары электрондық форматта рәсімделеді. Бұл қызметкерлердің уақытын үнемдеп қана қоймай, ақпараттың жоғалуын немесе кешігуін болдырмайды. Сонымен қатар жұмыс тәртібінің ашықтығын арттырады.

Көрме аясында ерекше қызығушылық тудырған жобалардың бірі – балаларға арналған «Tazalike» интерактив ойыны. Бұл ойын қаланың санитарлық жүйесінің қалай жұмыс істейтінін түсіндіруді, қоқысты дұрыс сұрыптауды үйретуді, экологиялық мәдениетті қалыптастыруды мақсат етеді. Ойын барысында балалар шағын виртуалды қала моделінде түрлі тапсырмалар орындайды.

«KazTraffic-2025» көрмесіне қатысу арқылы «Астана Тазалық» өзінің негізгі бағыттарын – санитарлық қызмет сапасын арттыруды, заманауи технологияларды енгізуді, экологиялық мәдениетті күшейтуді және цифрлық шешімдер арқылы жұмыс тиімділігін көтеруді нақты көрсетті.



КИНО ТІЛІН ШҰБАРЛАУҒА ТОҚТАМ БОЛА МА?

Райхан РАХМЕТОВА



Қазақтың жезде деген сөзін «Жездуха» деп не қазақша толық емес, не орысша толық емес етіп, оны киноға атау етіп қою қазақ тілі қыспаққа түскен кеңес кезінде де болған емес. Әрине, ол кездегі кинолар көркемдік кеңестің қатаң сүзгісінен өтетін. Ал Тәуелсіз Қазақстандағы тәуелсіз кинотүсірушілер қаржы өзімдікі деп ойына келгенін істеуде. Қарасаңыз, осындай шала-пұла кино түсіретін танымалдығы басым өнер адамдарының көбі – қазақы ортадан шыққан жандар. Бірақ түсіретін кино туындыларының атауы «тілбұзармын» деп алыстан менмұндалап тұрғаны оларды шыққан ауылына, ана тіліне деген құрметі жоқ жандардай көрсетеді.

Бұлай ету неге, кімге керек? Орысша сөз қоспаса кино көрілмей қала ма? Киноны толық қазақша атамау, арасына міндетті түрде бөтен сөз қосу сән бе? Тіпті мемлекеттік арналардан көрсетілетін «Келінжан» сияқты сериалдардың өзінде ішінара диалогтарда «хватить», «уже», «огород», «пожалуйста» сияқты орысша сөздер қосылып кеткен. Мемлекет қаржыландырып отырған телеарна басшылары сериалды қабылдап аларда немесе оны түсіруге тапсырыс берерде, сол тіл тазалығын мінсіз сақтауды неге талап етпейді?

Соңғы жылдары шыққан кинолардың атауларына тізсек, «Жездуха», «Үй алам, но ұялам», «Шәй – в большом городе», «Бишарашки», «Ағашки по вызову», «Қапқарашка», «Жаным, ты не поверишь», «Келинка Сабина» және басқа да шалақазақ фильмдердің тек атаулары ғана емес, ішкі мәтіндері де екі тілде шұбарланып, былығып жатыр. Бір өкініштісі, бұлардың жарнамасы да, соған сай қаралымы да жібі түзу кинолардан жоғары болады. Атын айқайлатып қойып, «атың шықпаса, жер өрте» деген ұстаныммен әйтеуір касса жинау, салған ақшасын бірнеше еселеп қайтарып алу мақсатын көздейтін өнердегі адамдардың өресінің төмендігі сол – тіл жанашыры болудан қалта қампайтуды жоғары қоюы. «Біреуге пайдаң тимесе де, зияныңды тигізбе» дегендей, олар мұндай қазаққа қарсы кино түсіргенше, үндемей өз өнерімен айналысып жүре бергені жөн болар еді. Тілден бөлек ұлттық салт-дәстүрді бұрмалау, қорлау сияқты көріністер де осы киноларда белең алды.

> Кино – адамзат өркениетіндегі ұлы өнер. Ал өнер – халықты ізгілікке, мәдениетке, әдепке тәрбиелейтін құрал. Оны ұлттық идеология тетігі ретінде де қарастырамыз. Бүгінгі кейбір қазақ кинолары сол тәрбие құралы болудан қалды. Себебі қаптаған жекелеген кино түсірушілер мемлекеттік тіл саясатына қарсы келетін дүниелерімен кинозалдарды толтырып, тілі шұбар, боқауыз сөздері бораған туындысымақтарымен өскелең ұрпақтың туған тілі мен қазақы дүниетанымын байытуға кері әсер етуде.

Киносыншы, өнертану PhD докторы, профессор Гүлзат Көбектің айтуынша, мемлекеттік тіл саясатына қатысты мәселелерді кино өнеріне ортақ қабылданған заң аясында ғана реттеуге болады.

– Жеке киностудиялар ресми мемлекеттік ұйымдарға бағынбайды. Өз қаражатына фильм түсіргеннен кейін ішкі көркемдік мәселелерін де авторларының өздері шешеді. Халыққа ұсынып жатқан өнімінің сапасына да жауапкершілікті өздері көтереді. Әр ұлттың өз тілінде сөйлеуіне толық құқы бар. Қазақ тілінде сөйлеме деп ешкім ешкімге шектеу қойып жатқан жоқ. Ана тіліміз шын мәнінде әлемнің ең көркем тілдердің қатарына жатады. Мәселе, өзімізді өзіміз кемсітпейтін рухта ұстай білуімізде. Кино өнерінде аралас тілдерді қолдану үрдісі трендке айналып кеткен. Бұл мәселені ішінен зерттесек, біздің қоғам шұбар тілді. Жаңа жас буын өкілдерінің сөйлесу мәнерінде әлеуметтанушылар зерттейтін көп құбылыстар бар. Олар жаргонмен еркін түсініседі. Таза қазақша да түсіруге болады. Бұл – фильм авторының қолындағы дүние. Қазақша контентті дамытуға деген патриоттық позиция бәрін шешеді. Көрермен не ұсынады соны көреді. Аудиторияны бейімдеп алу саясаты қиын шаруа емес, – дейді ол.

Киносыншы мұны жаһандық әлеммен етене байланыста өмір сүріп, цифрлық әлем барлық шекараны ашып тастауымен де байланыстырады. Сондықтан ұлттық иммунитетті сақтау әр елдің енді өзіне ғана байланысты екенін айтады.

– Біз күрделі ғасырлық өзгерістердің алдында тұрмыз. Кино өнерінің алдағы даму бағытын ЖИ-дің трансформациясы айқындайтын болады. Қазір әркімге өз жеке өмірі ғана қызық. Әр адамның әлеуметтік желідегі жеке парақшасындағы күнделікті оқиғасы өзінің жеке әлемінің монтажсыз жанды киносы іспетті ықпалға ие. Өз аудиториясына қызығы мен жаңалығын ұсыну мүмкіндігін берді. Визуальды әлем тілдік қарым-қатынас мәселесін екінші орынға ығыстырып тастады. Бұл шындық, – деп түйіндеді ойын профессор.

Кинотанушы, профессор Гүлнар Әбікееваның айтуынша, мемлекет қолдауымен түсірілетін кинолардың сценарийі Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы арқылы бекітіледі. Бүгінде Қазақстанда жылына 90 кино түсіріледі. Соның ішінде 10 шақты фильм ғана аталған орталық қолдауымен, мемлекеттің қаржыландыруымен шығады. Бұлар – көбіне толықметражды көркем фильмдер.

– Қазіргі таңда киноларда боқтық сөздердің айтылуына қатысты шу көбейді. Бұл, әрине, құптарлық дүние емес. Кино сөзі сауатты және дұрыс болуы керек. Себебі тарихта таспаланып қалатын кино туындыларды көру арқылы қаншама буын ұрпақ тәрбие алып өседі. Ал тілдің шұбарлануына келсек, бұл – қазіргі шынайы өмірдің көрінісі. Алайда боқтық сөз де өмірде бар, сол сияқты бәрі шынайы екен деп киноға лас дүние мен шұбарланған тілді әкелудің қажеті бар ма? Алғаш рет тілді шұбарлауды, яғни орысша, қазақша араластырып сөйлеуді киноға 2010 жылы әкелген Баян Есентаева болатын. «Ғашық жүрек» деген кино ұмытпасам. Ал оған дейін кинолар не тек қазақша, не тек орысша түсірілетін. Бұл жаман ба, жақсы ма, әрине, оны нақты айта алмаймын, бірақ, бұл – өмірдің шынайы көрінісі. Сондықтан бәрі өзімізге байланысты. Болашақта күнделікті өмірде орыс тілін қосып сөйлеу сәннен қалып, оның орнын ағылшын тілі басады, мұның да кино тіліне әсері болуы мүмкін. Жалпы соңғы жылдары Қазақстандағы кино нарығындағы қазақ тілді режиссерлер түсіретін фильмдер үлесі 50 пайызға артты, олар қандай болса да сұраныс күшейді және қазақша киноға баратындар күрт көбейді. Осы тұрғыда жақсы үрдіс бар, – дейді кинотанушы.

Киноның тіліне қатысты жақында Сенат депутаты Рүстем Рүстемов те жанайқайын жеткізді.

– Өкінішке қарай, қазіргі қоғамда қазақ киносының тілі туралы жағымсыз сыни пікірлер де, қарсылыққа толы ашу-ыза да белең алды. Қазіргі қазақ киносында тіл мәселесі тым өзекті мәселеге айналуда. Атауы қазақша болғанымен кейіпкерлері таза қазақ тілінде сөйлемейтін, жеңіл әзіл мен арзан күлкіге, анайы сөздерге құрылған, тілі алашұбар, азғындыққа толы фильмдердің көбеюі қалыпты жағдайға айналғаны өте қауіпті. Бұл үрдіс осылай жалғаса берген жағдайда, таяу уақытта қазақ тілінде түсірілген киноны таппай қалуымыз да мүмкін, – дейді ол.

Сарапшылар жаһандық әлеммен араласып кеткен кезеңде бұл мәселені кино түсіретін жауапты тұлғаның патриот, тіл жанашыры болуы ғана шеше алатынын айтып отыр. Дегенмен солай екен деп аттың басын жіберіп қоймай, мемлекет тарапынан белгілі бір деңгейде ескертулер мен шектеулер қойылып, тіл тазалығын сақтамайтындар мен ұлттық құндылықтарды қорлайтындарды қақпайлап отыру керек. Мәдениет және ақпарат министрлігі тарапынан көркемдік кеңес құрылып, олар мемлекеттік мейлі жекеменшік болсын киностудиялардың туындыларындағы тілдік нормалардың сақталуына талап қойып, сол талаптар орындалмаса қалың көпшілікке көрсетуге рұқсат бермейтіндей заң қажет. Әйтпесе, уақыт өте келе, мұндай аралас тіл жастардың ана тілі ретінде орнығып, соның салдарынан тілдің бастапқы құрылымы өзгеріске ұшырау қаупі бар. Осылайша, қазақ тілі өзінің таза нұсқасынан алыстап, күрделі тілдік нормаларын жоғалтуы мүмкін.

ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ТЕМЕКІ НЕГЕ АЗАЙМАЙДЫ?

Электронды темекі қайдан шықты дерсің. 2004 жылы Қытайдың Хон Лик есімді фармацевті осы дүниені сатылымға шығарған екен. Содан бері нарықтан түскен емес. Вейптің жаңа түрі шыққа тұтынушылардың «алақайлап» қуанып, пайдаланғанша асыққан кездерін көрдік. Біздің жастар өзгенің қаңсығын таңсық қылып алған сыңайлы.

Елімізде 2024 жылдың 20 маусымынан бастап вейп саудасына тыйым салынды. Бұл хабарды естігенде жастар қауымының ұнжырғасы түсті. Қолжетімді бағада сатылған электронды темекінің қолға қайта тиюі мүмкін еместей көрінген еді. Бірақ, бұл қорқыныш сейілгелі қашан. Қазір екінің бірінде осы электронды темекі бар. Бұлардың қатарын тағы да жастар қауымы толықтырып тұр.

Тыйым салынған болса тұтынып жүргендердің қолында электронды темекілер қайдан жүр? Көлеңкелі бизнеске құрық салу мүмкін болмай жатқан сыңайлы. Бір вейп сатып алу – ертеңгі өміріңнің бір бөлігін сатумен тең.

«Бұрын вейптер дүкендерде небәрі 3000 теңгеден бастап сатылатын. Тыйым салынған соң ондайды қайта көргенім жоқ. Дегенмен, іздеушіге табылады. Түрлі сайттар мен арналар толып жатыр. Өз басым телеграмм арнадан жасырын түрде аламын. Бағасы кем дегенде 10 000 теңгеден басталады. Түрлі дәмдер мен дем тарту санына қарай бағасы жоғарылай береді. Ақшасын төлеп, мекенжайды жазсаң болғаны, 1-2 күнде қолға түседі. Содан соң электронды темекіден кәдуілгі шылымнан шыққан иіс денеге немесе киімге сіңбейді. Қолға ұстауға қолайлы әрі тұтынып болған соң қалдық шықпайды. Ара-арасында қуаттап, қайта қолдана беруге болады» дейді аты-жөнін жасыруды сұраған студент.

Заңға қайшы әрекет етіп жүргендерге мынадай шаралар қолданылады: Сатқаны үшін 200 АЕК-ке дейін айыппұл, 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстар немесе 50 тәулікке дейін қамауға алу; әкелу және таратқаны үшін 2000 АЕК-ке дейінгі айыппұл, 600 сағатқа дейінгі қоғамдық жұмыстар, екі жылға дейінгі мерзімге шектеу немесе бас бостандығынан айыру; қылмыстық топ жасаған сол әрекеттер үшін айыппұл аса ірі мөлшерде немесе бірнеше рет 5000 АЕК-ке дейін айыппұл, 1200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстар, бес жылға дейін шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Темекі өнімдерін тұтынушылар мәрт көрінеді. Қасына жақындағандарды құр алақан қалдырмай, түгел тарқатып береді. Одан соң тобыр-тобыр болып никотиннің «құрама командасын» шығара қояды. Оқу орындарының тасасында тығылып жүретіндерін қайтерсің. Соның бірінен неге тұтынатынын сұрап едік, ашуды тарқататын таптырмас дәрі деп санайды екен. Ішке тартқан түтіннің мұндай да қасиеті бар ма?! Һәкім Абай «Тамағы тоқтық, Жұмысы жоқтық, Аздырар адам баласын» дейтұғын. Қазір электронды темекімен азғындағандарды анық көре бастадық. Соңғы кездері бұлардың қатарын қыздар қауымы толықтырып жүр. Бұл – ұлттық намысқа салмақ түсіретін жай.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегіне сүйенсек, жылына 8 млн-ға жуық адам темекінің салдарынан көз жұмады. Яғни, әр секунд сайын бір адамның өмірін жалмап жатыр. Мамандардың айтуынша, никотин өнімдерін тұтыну адамның 14 жылдық өмірін қысқартады екен. Электронды темекінің ағзаға кері әсері бұдан асып түспесе, кем емес.



Ұлттық статистика бюросының 2024 және 2025 жылдардың салыстырмалы деректеріне жүгінейік. Былтырғы жылға қарағанда темекі өнімдерін тұтыну әлдеқайда төмендеген. Тек, 15-17 жастағы жасөспірімдердің көрсеткіші көңіл көншітпей тұр. 2024 жылы бұл жас санатындағы балалардың 1,2 пайызы шылым шексе, биылғы жылы 3,6 пайызға дейін көтерілген. Яғни, мектеп оқушылары, колледж және жоғары оқу орнындағы студенттер сандық мәліметті арттырып тұр. Алаңдайтын мәселе – осы.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

№138 (4882) 22/11/2025 Сенбі

АШЫҚТЫҚ ПЕН АДАЛДЫҚ – СЕНІМ НЕГІЗІ

Бүгінгі қоғамда мемлекеттік мекемелердің басты мақсаты – халықтың сенімін арттыру. Ал сенімнің негізі – ашықтық пен адалдық. Бұл екі ұғым – мемлекет пен азамат арасындағы байланыстың берік іргетасы. Биыл да Есіл ауданы әкімдігі тарапынан заңбұзушылықтың алдын алу, ашықтықты арттыру және халықпен тиімді кері байланыс орнату бағытында бірқатар нақты істер атқарылды.

Әрбір жергілікті атқарушы органның міндетіндей, біздің де басты міндетіміз – тұрғындардың сенімін арттыру және мемлекеттік бағдарламаларды барынша ашық түрде орындау. Осы мақсатта әкімдік сайтында да, әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларымызда да барлық жаңалықтар, жиындар мен жұмыстар туралы ақпарат тұрақты түрде жарияланып отырады. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қатысты ішкі талдау жыл сайын жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Мәселен, биыл маусымның 2-сі мен шілденің 15-і аралығында «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» бағыты бойынша ішкі талдау жұмыстары өткізілді. Мұндай талдау барысында жеке және заңды тұлғалардан түскен өтініштердің орындалуы, кадрлық саясаттағы ашықтық, құрылымдық бөлімшелердің қызмет сапасы жіті бақылауда ұсталады. Бұл – тек құжат жүзіндегі шара емес, нақты нәтижеге бағытталған жұмыс. Биыл әкімдік тарапынан құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жаңа іс-шаралар жоспары бекітіліп, арнайы жұмыс тобы құрылды.

Әрбір шешім, әрбір бастама азаматтардың мүддесіне сай болуы үшін билік жұмысы барынша айқын әрі адал болуы тиіс. Халықпен ашық диалог орнату – тығыз байланыс қалыптастырудың ең тиімді жолы. Осы бағытта тұрғындардың ұсыныстары мен өтініштерін жеке қабылдау, қоғамдық қабылдаулар және онлайн байланыс алаңдары жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Мәселен, Telegram желісінде ашылған «Есіл ауданы тұрғындары» чаты халық пен билік арасындағы сенімді байланыстың нақты көрінісі болып отыр. Онда тұрғындар өз сұрақтарын қойып, ұсыныстарын жаза алады. Әрбір өтініш бақылауға алынып, орындалуы қадағаланады.

Әкімдік қызметкерлері әлеуметтік желілердегі азаматтық журналистер мен белсенді тұрғындардың пікірлерін де ескеріп, кері байланыс орнатуға тырысады: Instagram және Facebook парақшаларымызда жарияланатын материалдар – біздің жұмысымыздың ашықтығы мен есептілігінің дәлелі.

Ауданымыздың ішкі тіршілігін қамтамасыз ететін тағы бір тиімді тетік – «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы. Бұл бастама арқылы тұрғындар өз аулаларын абаттандыру жөніндегі жобаларды ұсынады, дауыс береді және олардың орындалуын бақылайды. Былтыр 4 жоба жүзеге асырылса, биыл тағы 6 жоба орындалды. Бұл – тұрғындардың өз ортасын жақсартуға деген белсенділігін арттыратын ерекше мүмкіндік.

Сонымен қатар, тұрғындардың өтініштерін жедел қабылдайтын «iKomek109» орталығы да өз тиімділігін дәлелдеп отыр. Биылғы 10 айда аудан бойынша барлығы 10079 өтініш келіп түсті. Оның 9856-сы толық орындалды, қалған 223 өтініш қаралу үстінде. Өтініштердің басым бөлігі абаттандыру, жолдардағы орташа жөндеу және тазалық жұмыстарына қатысты болды.

Есіл ауданында «Сергек» бейнебақылау жүйесі де заңбұзушылықтың алдын алуда маңызды рөл атқарып келеді. Оның көмегімен қоғамдық тәртіпті бұзу, жол ережесін сақтамау немесе рұқсатсыз қоқыс тастау фактілері анықталып, тиісті шаралар қолданылуда. Тазалық мәдениетін арттыру мақсатында биыл Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Таза Қазақстан» экологиялық айлығы аясында кең көлемді жұмыстар атқарылды. Аудан аумағында заңсыз қоқыс орындары анықталып, 150 мың тоннадан астам қалдық шығарылды.

Бүгінгі таңда Есіл ауданы айтарлықтай қарқынмен дамып келеді. Бұл – тұрғындардың, мемлекеттік қызметкерлердің және белсенді қоғам өкілдерінің бірлескен еңбегінің нәтижесі. Белсенді қоғам өкілдері демекші, жақында блогер Болат Бащжановпен бірге «Әкімнің бір күні» жобасында өзімнің бір күндік жұмысымды көрсеттім. Мұны мемлекеттік мекемелердің және мемлекеттік қызметшілердің халық алдындағы ашықтығының бір көрінісі деп білемін және мұндай ашық диалогтардың маңызы зор екенін атап өткім келеді.

Адамзат тарихында Аристотель айтқандай: «Адалдық пен ізгілік – ұлы істердің бастауы». Біз де ашықтық пен адалдық қағидаттарын ұстана отырып, әділетті қоғам құруға тырысамыз. Халық сенімі – ең үлкен жетістік, ал сол сенімді сақтау – барлығымыздың ортақ міндетіміз.

Дәрменияр ҚЫДЫРБЕКҰЛЫ,
Астана қаласы Есіл ауданының әкімі



Кәсіби міндетіміз-ге қарай көптеген адамдармен та-нысып, сұхбаттас боламыз. Біраз уақыт өткен соң, кейіпкерлеріміздің атын ұмытып қал-сақ та айтқан сөз-дері кейде көкейі-мізде жатталатыны бар. Өмірдің кейбір кездерінде маңыз-ды шешімдерді қабылдап, таңдау жасағанда солар-дан естігеніміз жаңғырып, ойтүрткі болады.

ТЕГІҢНІҢ ТАРИХЫН БІЛЕСІҢ БЕ?

Айгүл УАЙС

Соның бірі апамыздың естелігі еді. Өткен ғасырдың басындағы нәубетте бір қауым елі жолға жарамайтын, ересектерге ілесе алмайтын, «ақыры аштан өледі-ау» деген сәбилерін ауыртпалық қылмай ауылдың маңындағы құдыққа тастап, өздері бас сауғалап босуға мәжбүр болыпты. Үлкенінің бұйрығымен емшектегі баласы бар жас әйел де сол құдыққа келеді. Құдыққа үңілсе, тірідей шығырауға тасталғандар бірден тұншығып өле қоймай, балық сияқты судың бетінде шүпірлеп жатса керек. Көкірегіне құшқан баласын өлімге қимаған келіншек құдыққа үш рет келіп, үш рет кері қайтады... Баланың көрер жарығы бар екен, содан тараған бүгінгі ұрпағы Астанаға келіп үлкен бизнес жасап, сол қаланың газетінің тілшісіне сұхбат береді. Өмір жолдарында талай құлаған сәттерінде қайта тұрғызып, рухтандырған, әулетінде айтылып жүрген осы оқиғамен бөліседі.

Бұл бір ғана адамның басынан өткен жалғыз жайт емес. Мың өліп, мың тірілген қазақтың ұзақ ғасырында әркім әртүрлі жолдан, талай қыспақтан өтті, өтіп келеді. Иісі қазақтың жақсылықта қалай қуанып, қайғыны қалай жеңгенінің тәжірибесі әулеттердің тарихында жатыр. Бұл өмірде, өз жолын жаңылмай тауып, лайықты өмір сүру үшін алыстан «мотивация» іздеп керегі жоқ, өткенімізді саралай біліп, тағылым алсақ жеткілікті.

Кеңес кезінде ата-бабаларымыздың әңгімесін ертегідей көріп, сөздерін көп тыңдамаған халықпыз. Олардың қағазға жазып кеткен хаттарын кезінде қызылдар жойып жібергенін еске салу артық шығар. Әулет түгілі, қазақтың ортақ тарихын бұрмалап, «ескіліктің белгісі» ретінде құлаққа құйып, оны білуге деген құмарлықты коммунистік идеология, комсомол, пионерліктің ұрандары ығыстырды. Аталарымыз айтқан әулеттің тарихынан жерідік. Олардың әңгімесі «өткенді мыжып» деп кейитін ұрпақтарына қор болды. Осылайша бүтіндей ұлттың құндылығын құрайтын, әр қазақтың өткені, олардың өмір сүру әдеті мен ғұрпы, адами әрекетінің әдемі үлгілері, бір сөзбен айтқанда, бір-бірімізді танып, құрметтеуге бастайтын рухани бастауымыз суалды.

Күні кеше ғана, отыз шақты жыл бұрын «әулеттанудың» мазмұнына келетін жақсы үрдіс басталған еді. Қолы жеткендер шежіресін жинап, том-том етіп басып шығарды. Алайда мемлекеттің не қазақ ғылымы тарапынан түсіністік танытып, оны бағалап бұқараға жеткізудегі ақпараттық жұмыстардың нақты жоспары болмағаннан бұл дүние жекелеген адамдардың мақтанышына, рулардың дәрежесіне ғана айналып, тәлімі қалтарыста қалды. Ұлт болып ұйыспасын деді ме, бұл әрекет «рушылдықтың» деңгейінде бағаланып, асылын ажыратпады.

Ұлттың құндылығын құрайтын осындай еңбектердің шын мағынасы көмескіленіп, оның оқырмандарын, зерттеу аумағын белгілемеген соң ғылымның айналымына енбей, оқырманына жетпейтін пайдасы аз іс болды. Кезінде белсене кіріскендер бүгінде дүниеден өтіп, бұл жұмыс аяқсыз қалып оған мән беретіндер азайды.

Ел ішінде «шежіреші» деген сөз бар еді. Көнекөз, көкірегі ояу ақсақалдар шежіреші атанып, әулеттің тарихын-шежіресін жазуды міндетіне алғандарды осы сөзбен анықтайды. Қазақ ұғымындағы абыз ақсақал десе болар еді, бірақ оларға да ғылымның бір төрінен орын бермеді, содан барып олардың еңбегін қоғам да қажетсінбеді.

Осыдан келіп халқымызды күстәналап, тіл білмейді, тексізденіп барады деп налимыз. Егер әр қазақ өз тарихын елінің тарихымен байланыстырып, ұлы тарихтағы әулетінің орнын білмесе, өзінің бойындағы бір жақсы қасиетін ата-бабаларының тарихынан танып, солардың жолын жанына жақын тұтып, оны сезінбесе, ілгеріде өткен жақсылардың бойындағы бір ұшқынды бойынан таппаса, кімге өкпелейміз?! «Ұрпағымен мың жасаған» қазақтың әр перзенті өз ата-бабасын түгел зерттеп, дәріптейтін болса, «тектілік» сол емес пе?!

Әулеттің естелігі деген не? Ол біріншіден, отбасылық құндылықтарын қамтиды. Ел аузында қалған текті сөзден, дұрыс байламнан тұрады. Іс-әрекеттен, адамға араша түсіп, жамандыққа қарсылығымен қаланады. Ерлік пен елдік те сол әрекеттердің астарында көрінеді. Бұл ретте, шежірешілерге де ескеретін нәрсе бар. Кімнен кім туды деп тізбелейтін шежіренің классикалық үлгісіне өзгеріс енгізіп, артында аты мен сөзі қалған адамдарға қатысты мәлімет берілсе, тарихымыздың бір қажеті хатталар еді. Керемет естеліктер, ұрпақтар арасында атадан балаға үлгі боларлық жазба алдымен сол әулеттің баласына қажет. Бойын соған қарап түзесе, өз бойынан атасының қасиетін танып, бойын тіктейді, жақсылыққа ұмтылады.

Ұлтымызға ортақ алып тұлғалардың өмірбаяндары құдайға шүкір, хатталып, қағазға түсіп, өнегелі өмір иесі ретінде баспа бетін көріп жатыр. Бұл да дұрыс. «Тұлғатану» сериясымен біршама тұлғаларымыздың өмірі ұлықталды. Бірақ бұл тұлғалық деңгейге жеткендер де бар, жетпегендер де бар. Саналы өмірінде қарапайым тірлігімен адамдықтың туын жықпағандар да ұрпағына өнеге, лайықты өмір сүру жолын айқындаудың үлгісі бола алады.

Бұл екеуі де – ұлтымыздың ажырамас бір бөлшегі болса да екі бөлек әлем. Екеуі де ұлт құндылығын құрайды. Оны ескермеген соң, әулет шежіресін зерттеп, кітап етіп шығаруға келгенде елден қаражат жинап, не болмаса қалталыларға жалтақтап, өз тарихымыздың қадірін кетіріп жүрміз. Мемлекет тарапынан мұндай дүниелерді басып шығару қарастырылмаған. Сол себепті, кітап етіп шығару ісі кемшін дамуда. Әрі кетсе өлкетанушылықтан аспайтын, қазақ ғылымының есігінен де сығалатпайтын әулеттануды қазақ тарихының бір бөлшегі ретінде лайықты бағаланбауының бір себебі де «тұлғатану» биігінен қараудан, қарапайым адамның қадіріне жетпегендіктен.

Сөзіміздің тоқетері, егер адам етін жегізуге дейін жеткізген ашаршылықта келіншек бөпесін құдыққа тастағанда бұл ой айтылар ма еді. Ұлтымыздың қасіретінің бір елесі біздерге осы естелікпен қалады. Халықтың жан алқымға келгендегі жанкештілігіне тәнті болып, ана жүрегінің күшімен рухтанып, осы сөзді жаздық. Бұл бір әулеттің қайғысы мен қуанышы емес, қиын-қыстаудағы барша қазақтың мінезінің бір сипаты ретінде санамызда таңбалануы тиіс. Сонда ғана ана ерлігінен өз анамызды танимыз, өзімізді танимыз.

ЖАСТАР РЕЗЕРВІ: ЕРТЕҢГІ ЕЛ БАСҚАРУШЫЛАРДЫҢ ІРГЕТАСЫ

Бүгінгі Қазақстан – жаңару мен жаңғыру жолындағы мемлекет. Ел Президенті атап өткендей, реформалардың табысты болуы – білікті кадрлар мен жаңа формациядағы мамандарға байланысты. Осы ретте өңірлік деңгейдегі кадрлық әлеуетті нығайту мақсатында қолға алынған бастамалардың бірі – Өңірлік жастар кадр резерві.

XXI ғасыр – бәсеке мен технология ғасыры. Мемлекеттік басқару жүйесі осы заманның талабына сай болуы тиіс. Кешегі басқару әдісімен бүгінгі қоғамның күрделі сұраныстарына жауап беру мүмкін емес. Сондықтан мемлекетке жаңаша ойлайтын, жылдам шешім қабылдайтын, нәтижеге жұмыс істейтін жаңа буын қажет. Өңірлік жастар кадр резерві дәл осындай кадрларды іріктеуге арналған.

Бұл жобаға қатысу –жастар үшін үлкен сенім мен жауапкершілік. Өңірлік басқару – ел дамуының тірегі. Облыс, қала, аудан деңгейіндегі мемлекеттік басқару тиімді болса, бүкіл елдегі сапалы өзгерістердің негізі қаланады. Осы тұрғыда әр өңір өзінің кадр әлеуетін нығайтуы қажет.

Аталмыш жобаға іріктеу алғаш рет 2024 жылы 1 наурызда басталып, Астана қаласы бойынша 581 адам тіркеліп, оның ішінде талап етілетін құжаттарды толық ұсынған 297 қатысушы заңнаманы білуге арналған тестілеуге жіберілді.

Бүгінде Астана қаласының Өңірлік жастар кадр резервіне 49 резервші, оның ішінде 30 резервші іріктеу арқылы, ал 19 резервші іріктеуден тыс Қазақстан Республикасының Президентінің жанындағы Жастар кадр резерві жөніндегі ұлттық комиссия бекіткен тізімге сәйкес қабылданып отыр.

Жобаның негізгі мақсаты – жас басқарушылардың өңірлік пулдарын қалыптастыру және өңірлерді дамытуға талантты жастарды тарту.

Жоба іске қосылғалы бері ел аумағында бірнеше жас мемлекеттік қызметшілер резервке енді. Қазіргі таңда төрт резервшісі Астана қаласының аудан әкімдерінің және басқарма басшыларының орынбасарлары қызметтеріне конкурстан тыс тағайындалып, қызмет етуде. Ашықтық, әділдік, жауапкершілік және даму мүмкіндігі – дәл осы жобаның табысты болуын қамтамасыз етті. Өңірлік жастар кадр резерві – болашақтың көшбасшыларын дайындайтын берік негіз. Бұл бастама жалғасын тауып, еліміздің барлық өңірінде нәтижелі түрде жүзеге аса беретініне сенім мол.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті

АЛАШТАН ҚАЛҒАН «АЛҚА»

«Қаламгер ұстаханасы» жобасы аясында белгілі әдебиеттанушы, ҚР ҰҒА академигі Дихан Қамзабекұлы «Алқа» – Алаштың әдеби-мәдени тұжырымдамасы» атты тақырыпта дәріс оқыды. Лекцияға зиялы қауым өкілдері, студенттер, Қазақстанның түкпір-түкпірінен халықаралық «Шабыт» фестиваліне келген жас ақындар қатысты.



Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Тақырыбы айтып тұрғандай, Дихан Қамзабекұлы әңгіменің басын «Алқаның» арғы мағынасы мен тарихынан бастап өрбітті. Академик сөзінде қазақ әдебиеті мен мәдениетінің қалыптасуындағы Алаш зиялыларының рөліне, олардың ұлттық сана мен рухани мұраны сақтауындағы еңбегіне ерекше тоқталды.

«Алқа» – қазақ қаламгерлерінің көркем әдебиеттегі бағдарлы ұйымдық және идеологиялық тұжырымдамасы. Бұл әдебиеттегі принциптер мен бағыттарды жүйелеуге, шығармашылық қауымдастық ішінде ортақ ұстаным қалыптастыруға арналған бағдарлама болды. Құжат көркем әдебиеттің мәні, шығармашылықтағы негізгі заңдылықтар, қоғам мен әдебиет арасындағы байланыс сияқты тақырыптарды қамтыған. Дихан Қамзабекұлы өз дәрісінде осы «Алқаның» мәнін, оның тарихи рөлін және қазіргі әдебиетшілер мен зерттеушілер үшін маңызын жан-жақты ашып көрсетті.

– Алқаның орысша-қазақша нұсқасы бар. Қазақша нұсқасы төте қариппен-Ахмет Байтұрсынұлы қарпімен жазылған. Ал орысша нұсқасы машинкамен басылған. Екеуін салыстырып көрсеңіздер, бір-біріне жүз пайыз ұқсайды деп айта алмаймыз. Себебі тілге байланысты, дәстүрлі ұғымдар мен астарлы ұғымдарға байланысты орысша нұсқасында ағат кеткен тұстары бар, – деді ол.

Алқа 1924 жылы М.Жұмабаев бастаған ақын-жазушылар тарапынан жасалды. Бағдарлама әдебиетшілерге бағыт-бағдар беріп, қазақ әдебиетін дамытудағы негізгі идеяларды түсіндіруге қызмет етті. Сосын да жұрт арасында күні бүгінге дейін «алқаның» авторы Мағжан Жұмабаев деп қарайтындар бар. Осы мәселеге де тоқталған алаштанушы «Алқаның» авторы Мағжан ба деген сұраққа «жоқ» деп жауап қайырып, оған мынадай уәж айтты: «Алқаның» авторлары – Алаш зиялылары. Бұл – ұжымдық еңбек. Оның негізі де бар. Себебі әдеби тұжырымдамадан саяси тұжырымдама жасағандар оны Алаш арыстарын тергеу барысында да ұтымды пайдалана білді. 30-жылдарда ұсталып, абақтыға жабылғандардың бәріне дерлік осы «Алқа» себепші болған. Әрине, көп ой Мағжандікі болуы мүмкін, бірақ Жүсіпбектер айтады: бізге жіберілді, біз ой қостық дейді. Қошке Кемеңгерұлы да қатысқан. Демек, «Алқаны» жасауға Алаш зиялылары атсалысқан, сондықтан оны біз ұжымдық еңбек дейміз. Ол – Алаштың сын сағатындағы шығармашылық бірлігін айқындаған тұжырымдама. 1925 жылы саяси жағдайларға байланысты «Алқа» сияқты жұрттың басын біріктіретін дүниелерді газетке шығаруға тыйым салынған. Сондықтан «Алқа» «Қызыл Қазақстанға» шыққан жоқ. Бірақ «Алқа» көптеген зиялылардың қолынан өтті.

– Алаш зиялыларының мұралары туралы айтар кезде тағы бір мәселені назардан қағыс қалдырмауымыз керек. Мұраның біразы 80-жылдардың аяғы, 90-жылдардың басында



тыруға арналған бағдарлама асығыстау дайындалды. Бірақ оған біткен, аяқталған дүние деп қарамау керек. Ішінде қателіктер болуы мүмкін. Екіншіден, шығарма баспадан шыққан кезде баспа редакторларының аса «сақтығына» байланысты «орыс», «кәпір» деген сияқты сөздердің бәрін өзгерткен, тіпті кейбір шығарманы өзгерткенде екінші шығармаға айналдырып жіберген. Мәселен, «Ақбілекте» әйелдің толғататын жерін Жүсіпбек керемет жазған, бірақ ол кітаптың бірінші нұсқасында жоқ, кейін біз екінші нұсқасында қалпына келтірдік. Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссесінің қазіргі нұсқасы мен 1927 жылғы нұсқасында көп айырмашылық бар. Менің мөлшерлеуімше, 10 пайыздай дүние алынып тасталған. Алғашқы нұсқада сурет те көп еді, – деді Дихан Қамзабекұлы.

Дихан Қамзабекұлы Алаш қайраткерлеріне бүгінгінің көзімен бір жақты баға беруге болмайтынын да атап өтті. «Мәселен, Ыбырай Алтынсарин туралы айтсақ, «ол тым орысшыл болды» деген секілді пікірлер айтады. Егер Ахмет Байтұрсынұлы Ыбырай заманында өмір сүрсе, Ыбырайдай болар еді, Ыбырай Ахаңның заманында өмір сүрсе Ахаңдай болар еді. Менше осы өлшеммен қарағаң дұрыс. Бүгінгі тәуелсіз елдің төрінде отырып, 20-30 жылдардағы жағдайға байланысты әлдекімдерге «ол мынадай болған» деп біржақты баға беруге болмайды. Әрине, бұл оларды судан таза, сүттен ақ деп көрсет деген сөз емес, қателескенін, кереғар пікірі барын айтуымыз керек» деді ол.

«Алқаны» оқып отырсаңыз «Жасқа жөн сілтейтін, адасқанды жолға салатын, қисыққа тез болатын «Алқа» – осы. Жөн іздеген жас болсаң, жол іздеген жолаушы болсаң, тез іздеген есті тентек болсаң, мынау «Алқа» – сенікі. «Алқаға» кір!». Оқушы! Жақсы келдің. «Табалдырықты» аттап, төрге шық. «Алқаға» кір! – деген сөздер көзге оттай басылады. Осындағы «Алқаға кір» деген үндеу – бұл ұйымның табиғатын, мақсатын және әдебиеттегі орнын айқындап тұрғандай. Яғни, бұл сөз «Алқаның» ашық, демократиялық сипатқа ие болғанын көрсетеді. Әдебиетті, өнерді, ізденісті мақсат тұтқан кез келген адамға есігін айқара ашуы – ұйымның еркін ой алаңы болғанын дәлелдесе, «Жасқа жөн сілтейтін, адасқанды жолға салатын» деген сипаттамалар оның тәрбиешілік, әдістемелік рөлін айқындайды. «Жөн іздеген жас», «жол іздеген жолаушы», «есті тентек» сияқты сөздер «Алқаның» ойлы, өз жолын іздейтін азаматтарды біріктірген рухани орта болғанын білдіреді. Бұл ұйымның жаңашылдық пен еркін көзқарасқа жақын тұрғанын көрсетеді. Сондықтан «Алқаға кір» деген қарапайым шақырудың өзінен ұйымның миссиясы – әдебиетке жаңаша серпін беру, шығармашылық еркіндік орнату, ізденіс пен ой алаңын қалыптастыру болғанын бағамдауға болады. Академиктің «Алқа» туралы айтқандарынан біз осындай ой түйіп қайттық.

Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасында қазақ әдебиетінің рухани қазынасына қосылған екі жаңа дүние – «Арзу» романы мен «Жалғыз жолаушы» хикаяттар мен әңгімелер жинағының таныстырылымы өтті. Қос кітаптың авторы – белгілі жазушы, ақын, Халықаралық Алаш әдеби сыйлығының иегері Әділбек Ыбырайымұлы.

ТЫҢ ТУЫНДЫЛАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

Бұл кеш тек жаңа кітаптардың ресми таныстырылымы ғана емес, ұлттық әдебиеттің жаңа бағыттары мен тың ойлар, терең болмыс пен заманаға келбетін көркемдік арнаға түсірген бірегей кездесу болды. Әдеби кешті Қазақстан Жазушылар одағы Астана қалалық филиалының басшысы, талантты ақын Бауыржан Бабажанұлы жүргізіп, туындылардың мазмұндық ерекшеліктеріне, авторлық ойлар мен көркемдік шешімдерге назар аудартып отырды.

Таныстырылған екі кітаптың бірі – «Арзу» романы. Туындыда қазақ елінің бүгінгі тыныс-тіршілігі, геосаяси жағдайлар, ел мүддесін қорғаудағы күрделі мәселелер көркемдікпен өріліп берілген. Автор әлем назарын аударып отырған стратегиялық ресурстар – сирек металдар, дейтерий суы, ғарышты игеру сияқты факторларды романның көркемдік кеңістігіне шебер енгізген. Бұл тақырыптар қазіргі жаһандану дәуірінде Қазақстанның орны, табиғи байлығымызға көз салған алпауыт мемлекеттердің мүддесі, рухани кеңістіктегі өзгерістер мен діни санадағы мәселелер аясында жан-жақты ашылған.

Екінші кітап – «Жалғыз жолаушы» хикаяттар мен әңгімелер жинағы. Бұл жинаққа қазақ әдебиетінде көркемдігі мен идеялық салмағы жағынан ерекшеленетін бірнеше туынды топтастырылған.

Қос кітап туралы ойларын ортаға салған Ұлттық құрылтай мүшесі, академик Кәрімбек Құрманәлиев, қоғам қайраткері, профессор Әбдіжәлел Бәкір, мемлекет және қоғам қайраткері Дархан Мыңбай, белгілі қаламгерлер Жанат Елшібек, Несіп Жүнісбаев, Жолтай Әлмашұлы, белгілі заңгер-қаламгер Есберген Алауханов, қоғам қайраткері, жазушы Әкім Ысқақ, ақын Әбубәкір Смайыл және басқалар қоғамның көкейтесті мәселелерін көркемдік шешім арқылы шығармаларына арқау еткен жазушының ізденістері мен жаңашылдығын тілге тиек етіп, нақты мысалдармен сөйледі.

Тұсаукесер рәсіміне жиналған қауым – қаламгерлер, оқырмандар, әдебиет жанашырлары мен зиялылар бұл жиынды руханияттың мерейлі кеші деп бағалады.



ЕРЕН ЕҢБЕК ТУРАЛЫ ЖЫР

Белгілі ақын, аудармашы, филология ғылымдарының кандидаты Маржан Ершудың «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында Екінші дүниежүзілік соғыс және еңбек ардагері Тұрдығали Мәмбетовтің 100 жылдығына орай «Жалғыз қол» атты поэмасы кітап болып жарық көрді.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Туындының бас кейіпкері – Қазақ КСР-ның ауыл шаруашылығына еңбек сіңірген қызметкер, Отан үшін от кешіп, бейбіт өмірде еңбек даңқына бөленген Тұрдығали Мәмбетов. Кітапта оның өнегелі өмір жолы, еңбектегі ерен үлгісі, кісілік парасаты мен қарапайым адамгершілік қасиеттері, жастарға өсиеті баяндалған. Алғысөзін Парламент Мәжілісінің депутаты, Қазақстанның Еңбек Ері Бақтықожа Ізмұхамбетов жазып, бұл нағыз еңбек адамының бейнесін танытқан шығарма екенін атап өтті.

Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, Курск доғасындағы қанды шайқаста бір қолынан айырылып, елге оралған Тұрдығали Оңдасұлы мүгедекпін деп отырмай, «Коммунизм таңы» совхозының директоры болды. Жалпы Атырау облысы Жылыой өңірінің экономикасы мен мәдениетінің, халықтың әлеуметтік жағдайының көтерілуіне сүбелі үлес қосты. Бұған автор Маржан Ершу «Жұлдызды ғұмыр» кітабынан қанығып, поэма жазуға бел буды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. Бұл бір жақсы бастама болды. Адамды адам еткен еңбек емес пе?! Халқымыз «Еңбек ер атандырады» деп бекерге айтпаса керек. Еңбек адамының ерен тұлғасы жырлануы керек деп ойладым» дейді ол. Содан соң Тұлғаның ұрпақтарына хабарласып, соған рұқсат сұрады. Мақұлданғаннан кейін оларға оқытып, ризашылықтары мен алғысын алды.

Автордың айтуынша, Тұрдығали Мәмбетов совхоз директоры болған кезде кітапхана мен мәдениет үйін салдырды. Алайда бұл нысандар қиын-қыстау тоқсаныншы жылдары сүріліп кетті. Жақында сол ауылда жаңадан мәдениет үйінің іргетасы қаланып, құрылыс жұмыстары басталды. Маржан Ершу осы нысанға Тұрдығали Мәмбетовтің есімі берілуі керек деп есептейді. «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» дегендей, сонда жасалған іс те, атқарылған қызмет те, тәлімді тәрбие де, ата-бабаның рухы да ұрпақтар көшімен алға қарай жалғаса береді» дейді поэма авторы.

№138 (4882) 22/11/2025 Сенбі



АБАЙДАН ҚАЛҒАН ЖӘДІГЕРЛЕР

Ұлттық музейде ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай «Абай мұрасы – халық даналығы» атты көрмесі ашылды.

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы ұйымдастырған көрмеге Абайдың туысқаны Ләйлә Баймағамбетова қатысты. Мұнда Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты құнды жәдігерлер қойылды. Атап айтқанда, ақынның өзі қолданған «Тұмар» домбырасы, асатаяқ, сыбызғы, торсық, ағаш құты, тоғызқұмалақ сияқты заттар мен хакімнің қолжазбалары, оған арнап жазылған туындылар. Көрмеге ақынның 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген алғашқы шығармалар жинағы, 1922 жылы Қазан қаласында және 1933 жылы Қызылордада шыққан шығармалар жинақтары да ұсынылды.



Абайға қатысты музей қорында сақталған құнды мұралармен қатар, еліміздің белгілі суретшілері мен жазушыларының туындылары да көрермен назарына ұсынылды. Соның ішінде А.Ғалымбаеваның «Абай өлең жазу үстінде», Қ.Шүкірбектің «А.Құнанбайұлы», «Ш.Құдайбердіұлы», М.Әуезовтің «Абай жолы» шығармаларына арналған суреттер, сондай-ақ Б.Смақованың «Зере әже» мен «Абайдың балалық шағы» бейнелеу өнері туындылары да көрмені айшықтады. Көрмеден Абайдың кісе белбеуі мен шапанының көшірмесі, ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы фотосуреттер мен естеліктерін де көруге болады. Бұл көрме бір айға жалғасады.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**



ТҰМАНБАЙ ЖЫРЫНЫҢ ЖЫЛУЫ

Елорданың Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының Алматы ауданындағы филиалы құрылыс-техникалық колледжінде биыл туғанына 90 жыл толған көрнекті ақын Тұманбай Молдағалиевтің шығармашылығына арналған тағылымды әдеби-музыкалық кездесу кешін өткізді.

«Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы аясында өткен іс-шараның негізгі мақсаты – ақын мұрасын жас ұрпақ санасына терең сіңіру, поэзияға деген сүйіспеншілікті арттыру және екі буын арасындағы рухани сабақтастықты нығайту болды.

Кеш барысында қатысушылар ақынның өмір жолы мен шығармашылық белестеріне шолу жасап, оның балалық шағы, білім алуы және әдебиеттегі қызметі жөнінде мазмұнды деректер тыңдады. Студенттер дайындаған танымдық баяндамалар шараның мазмұнын тереңдете түсті. Әдеби-музыкалық бағдарлама әртүрлі музыкалық, поэзиялық нөмірмен ерекшеленді.

Кеш Нұрғиса Тілендиев пен Тұманбай Молдағалиев арасындағы шығармашылық байланысты айқындайтын «Құстар әні» туындысын орындаумен басталды. Сонымен қатар, ақынның лирикалық өлеңдері де оқылды. Аталған іс-шараны ұйымдастыруға зейнеткерлердің «Темірлан» поэзия клубы мұрындық болды. Кеш тыңдармандарға рухани қуат сыйлап, жиналғандар Тұманбай Молдағалиевтің жүрекке жақын жырларынан ерекше әсер алды.

«ҚИСЫҚ ДҮНИЕ» КЕЛБЕТІ

Астанада журналист, жазушы, бірнеше шығармашылық байқаудың жүлдегері Жадыра Шамұратованың «Қисық дүние» кітабының таныстырылымы өтті. Іс-шараны Qazcontent АҚ қолдауымен қаламгердің әріптес құрбылары ұйымдастырды.



Бұл – жазушының төртінші прозалық жинағы. Бұған дейін «Секундтар арасындағы шексіздік», «Айтылмаған сыр» және «Сандық» атты кітаптары оқырманға жол тартты. Ал жаңа жинағына «Қарашада гүлдеген қырмызы» мен «Мылқаудың сыбыры» аталатын қос повесть пен бірнеше әңгімесі енгізілді.

Таныстырылымды ашып берген Qazcontent АҚ төрағасы Айна Задабектің пікірінше, «Қисық дүниедегі» туындыларға арамызда жүрген адамдардың тағдыры арқау болды. Кітап сонысымен қызық, сонысымен тартымды. Яғни, кейіпкерлер шығармашылық қиялдан емес, өмірдің өзінен алынған. Автор да әр кейіпкердің жан дүниесіне терең бойлай біліп, ішкі монологын шебер көрсеткен. Спикер Жадыра Шамұратованың журналистік шеберлігін де жоғары бағалайтынын айта келе, мысал ретінде оның поэзия падишасы Фариза Оңғарсынованың ұлы Алмаспен сұхбатын келтірді.

Әдебиеттанушы Асылбек Байтан қаламгерлер ешкім байқай бермейтін қарапайым нәрседен ой түйетіндей шығарма шығаратынын, Жадырада сол қабілет, қасиет барын атап өтті. Белгілі ақын, «Әдебиет» порталы бас редакторының орынбасары Ықылас Ожайұлы бұл кітапта автордың өз үні жатқанын атай келе, әсем әндерден шашу шашты. Әріптесіміз, «Астана ақшамы» газетінің шолушысы Қалиакбар Үсемханұлы Жадыра өз шығармаларын жазғанда Әбіш Кекілбайұлы, Тынымбай Нұрмағамбетов сынды классиктердің дәстүрін ұстанып, қазіргі замандағы әдеби үлгімен шебер байланыстыра білетініне, тақырыпты қоя білу ерекшелігіне тоқталды.

«Айқын» газеті бас редакторының бірінші орынбасары Гүлзина Бектас прозадағы қазақ жазушы қыздарының жетістіктеріне, жаңа шығармаларына қуанатынын айтып, тілектестігін білдірсе, «Шолпы» кітап клубының жетекшісі, кітап жанашыры Сымбат Зекенғалиева алдағы желтоқсан айында клубтың «Ай кітабы» осы «Қисық дүние» болатынын жеткізді.

Бұл жинақ «Махаббатқа сеніп, бақытқа талпынған қазақ әйелдеріне арналады» деген сөйлемнен басталады. Осыны атап өткен әдебиеттанушы, этнопедагог Құндыз Оралжанқызы осы сөзді классик жазушы Мұхтар Мағауиннің «Әйел махаббаты» әңгімесіндегі «Бұл өмірде әйелдер ғана шын сүйе алады» деген сөзімен сабақтастырды. Белгілі журналист Махат Садық аталған кітап қыз-келіншектердің сүйікті кітабына айналатынына сенім білдірді. Жас ақын Абзал Мақаш інілік ақ тілегін жеткізіп, жазушының құрметіне ән әуелетті. Таныстырылымды түйіндеген автор Жадыра Шамұратованың өзі іс-шараны еркін форматта өткізу жоспарланғанын, сол мақсатқа жеткенін атап өтіп, ұйымдастырушыларға алғыс айтты.

БАЛАБАҚШАҒА КІТАП СЫЙЛАДЫ

Астанадағы №69 «Еркем-ай» балабақшасында ұлы ақын ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы мен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Кітап сыйла – жақсылық жаса» атты іс-шара өтті. Соның барысында ата-аналар 115 кітап сыйлады.

«Кітап – білімнің кілті» деген керемет сөз бар. Бұл туралы балаларға айтып қана қоймай, өзіміз үлгі көрсетуіміз керек. Жалпы кітап құндылығы жөнінде балдырғандардың санасына құю керек. Бұл іс-шара сол мақсатта ұйымдастырылды. Балабақшамызда шағын кітапхананы да аштық. Ата-аналар сыйлаған кітаптармен соның қорын толықтырмақпыз. Бала балабақшадан кітап оқуға құмар болса, ертең ержеткенде еркін, ешкімнің мәжбүрлеуінсіз оқитын болады. Бүгінде балалар компьютер мен телефонға байланғаны жасырын емес. Бұдан денсаулыққа, балдырғандардың қалыпты дамуына да зиян келіп жатыр. Ал кітаптың көл-көсір пайдасы болмаса, еш зияны жоқ. Кітап тәрбие берумен қатар түрлі идеялардың өрістеуіне жол ашады» деді аталмыш балабақша меңгерушісі Марал Ахметова.

Жуырда бұл балабақша «Әжемнің ертегісі» атты іс-шараны да өткізді. Соның барысында да әжелері балдырғандарға ертегі айтып немесе оқып беріп, кітап оқуға баулыды. Ал «Кітап сыйла – жақсылық жаса» іс-шарасы кезінде әр топтың тәрбиеленушілері өнерлерін көрсетті.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Шеф-редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 138
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Айгүл УАЙС